**«АРЭК-Энергосбыт» ЖШС ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ (ҮРДІСІНІҢ)**

Тұтынушыға босатылған электр энергиясының көлемін есептеу

**Өтініш берушілер шеңбері:** заңды және жеке тұлғалар.

**Қызметтерді (үрдісті) ұсыну үшін төлемақы мөлшері және оны төлетіп алудың негізі:** төлемақы алынбайды.

**Қызметті көрсету талаптары (үрдісті)**: электрмен жабдықтау шартының бар болуы.

**Қызметті көрсету нәтижесі (үрдісті):** тұтынушыға босатылған электр энергиясының көлемін есептеу.

**Қызметті көрсетудің жалпы мерзімі (үрдісті)**: есепті кезең.

**Қызметті көрсетудің құрамы, реттілігі және мерзімдері (үрдісті):**

| N р/с | Кезең | Кезеңнің мазмұны/талабы | Ұсыну түрі | Орындау мерзімі | Нормативтік-құқықтық актіге сілтеме |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Есептеу ЕАҚ көрсеткіштері туралы ақпаратты ұсыну. | ЕАҚ көрсеткіштеріне қатысты ЭБҰ техникалық тексеру, және көрсеткіштерді бақылау үшін алу нәтижесінде сонымен қатар тұтынушы тапсырғандарынан ақпарат жинау:<br>1) заңды тұлғ., ЕАҚ көрсеткіштерін тапсыруы;<br>2) жеке тұлғ., ЕАҚ көрсеткіштерін тапсыруы;<br>3) сенім білдірілген тұлғалардың ЕАҚ көрсеткіштерін тапсыруы;<br>4) энергияны беруші ұйымының қызметкерлерінің ЕАҚ көрсеткіштерін тапсыруы. | 1) тұтынушының қолы қойылған есепке алу құралының көрсеткіштерін алу актісі (заңды тұлғалар);<br>2) жеке немесе телефон арқылы ауызша (жеке тұлғ.,)<br>3) ведомость;<br>4) наряд-тапсырма;<br>5) «АЭҮК» АҚ сайтында «Тұтынушының жеке кабинеті» құралдары арқылы. | Есепті кезеңнің соңы | 1) Электрмен жабдықтау шартының 3-тарауы<br>2) ЭЭПЕ §8, 63,65т.. |
| 2 | Босатылған электр энергиясының көлемін есептеу | Босатылған электр энергиясының көлемін есептеу 25.02.16ж. ҚР ЭЭПЕ талаптарына сәйкес жүргізіледі.<br>Есепке алу құралы және берілген көрсеткіштер бар болса, есептеу есепке алу құралының есепті кезеңдегі соңғы және бастапқы көрсеткіштері | 1) заңды тұлғалар үшін электронды шот-фактура;<br>2) жеке тұлғалар үшін түбіртек. | Есептіден кейінгі айдың 7 күніне дейін | 1) электрмен жабдықтау шартының 4,6/4.7 т., сәйкес;<br>2) ЭЭПЕ §8 сәйкес. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арасында айырмасын және ток өлшеу трансформаторы мен кернеудің коэффициентін шығару түрінде жүргізіледі.<br>Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарын тараптардың өзара келісімі бойынша электр желілерінің теңгерімдік тиесілігінен тыс шекте орнатуға жол беріледі.<br>Желі учаскесіндегі шекарасынан коммерциялық есепке алу құрылғысын орнату орнына дейінгі электр энергиясының ысырап болғаны көрсетілген электр желісінің учаскесі тиесілі болған иесіне шарттық негізде қатысты болады және энергия беруші ұйымының есептеу жолымен анықталады.<br>Коммерциялық есептеудің бұзушылықтары тұтынушының кінәсінен тыс анықталса тұтыну есебін энергияны беруші ұйымы алдыңғы немесе кейінгі есеп айырысу кезеңіндегі электр энергиясын есепке алу құралдары және сызбасының ешбір ақауы болмаған кезіндегі орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізеді.<br>Есептеу кезеңі анықтау күнінен бастап коммерциялық есепке алуды қалпына келтіру күніне дейін 30 күнді құрайды бірақ одан аспайды. Бұзушылықтар анықталған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткеннен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | соң коммерциялық есептеу қалпына келтірілмесе тұтынушыны қосуға арналған техникалық талаптарға сәйкес белгіленген қуат бойынша жүргізіледі, ал техникалық талаптар болмаған жағдайда пайдалану сағаттарына сәйкес тәулігіне 24 сағат бойынша кіріспе коммутациялық аппараттының номиналды ток бойынша жүргізіледі. | | | |

Өтініштерді жолдау үшін байланыс ақпараттары: өтініштер «АРЭК-Энергосбыт» ЖШС бөлімшелерінде орналасқан Тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары және Сервис орталықтарына жолданады. ТҚКО және СО мекенжайлары мен байланыс телефондары «www.arek.kz» сайтында көрсетілген.